

## Түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техника сатып алуға, әкелуге, оны сақтау мен пайдалануға бақылау жасау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1993 ж. N 966

Түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техника сатып алуға, әкелуге, оны сақтау мен пайдалануға бақылау орнату, оны мемлекет мұддесіне керегар пайдалану фактілеріне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мұдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, екі ай мерзім ішінде түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техникасын сатып алу, әкелу, сақтау және пайдалану тәртібі жөніндегі нұсқаулық әзірлеп, бекітетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті көбейткіш-көшіргіш техника пайдаланылатын обьектілерде рұқсат беру жүйесінің ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік белгіленуін көздейтін "Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне және Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасын даярлап, Министрлер Кабинетінің қарауына енгізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы түрлі-тұсті көшіргіш техниканы жеткізудің белгіленген ережелерінің сақталынуына бақылау жасауды жүзеге асыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары лауазымды адамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 15 қаңтардағы N 35 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы рұқсат беру жүйесі туралы Ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2, 8 тармақтар және 12 тармақтың бірінші абзацы "ок-дәрілерге", "ок-дәрі", "ок-дәрілерді" сөздерінен кейін тиісінше "түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техникасына", "түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техникасы", "түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техникасын" сөздерімен толықтырылсын.

4 тармақ "қаруларды" сөзінен соң "түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техникасын" сөздерімен толықтырылсын;

13 тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
" - түрлі-тұсті көбейткіш-көшіргіш техника сатып алуға,

сақтауға және пайдалануға";

(7-абзац)

<\*>

Ескерту. 4-тармақтың 7-ші абзацының күші жойылған - ҚРМК-нің  
1995.02.02. N 110 қаулысымен.

P950110\_

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК